

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасы жөніндегі Сараптық-консультативтік кеңес туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысы 1995 жылғы 22 мамырдағы N 2292. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасын талдау және оған тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанынан мынадай құрамда Сараптық-консультативтік кеңес құрылсын:

- Басин Ю.Г. - Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтының профессоры, заң ғылымының докторы;
- Ким В.А. - ҚазМҰУ-дың мемлекеттік құқық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымының докторы;
- Колпаков К.А. - Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіндегі жеке өкілі, заң ғылымының кандидаты;
- Котов А.К. - Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институты Жеке құқық ғылыми-зерттеу орталығы директорының орынбасары, заң ғылымының докторы;
- Мұхамеджанов Б.Ә. - Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Заң шығару бастамашылығы және құқықтық сараптама бөлімінің меңгерушісі;
- Нұрпейісов Е.Қ. - Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтының ректоры, заң ғылымының кандидаты
- Сапарғалиев Ғ.С. - Мемлекет және құқық институтының директоры, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның корреспондент - мүшесі;
- Сүлейменов М.К. - Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институты Жеке құқық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Қазақстан

Республикасы ҰҒА-ның корреспондент -
мүшесі (ғылыми жетекші);

Шәйкенов Н.А. - Әділет министрі, заң ғылымының докторы.

Келісім бойынша шетелдік сарапшылардың мынадай құрамы
белгіленсін:

Алексеев С.С. - Ресей Федерациясы Зерттеу орталығы
ғылыми кеңесінің төрағасы;

Жак Аттали - Франция Мемлекеттік кеңесінің кеңесшісі;

Роллан Дюма - Франция Конституциялық Кеңесінің
төрағасы.

Сараптық-консультативтік кеңес жұмысты осы жылғы 10 мамырға
қ а р а й а ы қ т а й т ы н б о л с ы н .

2. Сараптық-консультативтік кеңеске Қазақстан Республикасы
жаңа Конституциясының жобасын бүкілхалықтық талқылау барысында
айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды қарап, қорыту тапсырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті